

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ**




Бекітемін  
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕ АҚ  
Басқарма Төрағасы – Ректор м.а  
Т. Балықбаев  
« 09 » \_\_\_\_\_ 2020ж.

**ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ**

**ПРОФЕССОР**

Көшірме	Код	Басылым	Дайындалды	Келісілді
	ЛН ҚазҰПУ 10-13	Үшінші	Абай М. 	Сәтмырзаев А.А. 
			Жанбеков Х.Н. 	Сахиев С.К. 
			Махамбетова С.К. 	Сапаров Б.Ж. 
				Оразғали Ә.Д. 
				Норма бақылау Жанбаева Л.А. 

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020 ж.	Басылым: Үшінші
	Лауазымдық нұсқаулық. Профессор.	ЛН ҚАЗҰПУ 10-13	Беті 2, барлығы 4

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Лауазымдық нұсқау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексiне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шiлдедегi «Бiлiм туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңына, университеттiң Жарғысына және нормативтiк актiлерiне сәйкес дайындалды және бекiтiлдi.

1.2. Осы Лауазымдық нұсқау, еңбек заңнамасы нормалары және университеттiң актiлерi негiзiнде, профессордың лауазымдық мiндеттерiн қамтиды. Профессордың құқықтары, сонымен қатар, оның құқықтық жауапкершiлiгiнiң шегi Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, университеттiң актiлерiмен, ұжымдық шартпен және еңбек шартымен айқындалады.

1.3. Профессор лауазымына тағайындау конкурстық iрiктеу ережелерi негiзiнде жүзеге асырылады. Профессорды лауазымға тағайындау мерзiмi, еңбек шарты негiзiнде, университет ректорының бұйрығымен айқындалады.

1.4. Профессордың лауазымдық өкiлеттiлiгi, осы лауазымдық нұсқаумен қатар, еңбек заңнамасымен, бiлiм және ғылым туралы заңнамамен, университеттiң жарғысымен және университеттiң нормативтiк актiлерiмен, еңбек шартымен айқындалады.

1.5. Тараптардың келiсiмi және университет ректорының актiлерi негiзiнде, лауазымдық өкiлеттiлiгi шегiнде, университеттiң жарғылық мiндеттерiн iске асыру мақсатында профессорге басқа да мiндеттер жүктелуi мүмкiн.

## 2. БiЛiКТiЛiК ТАЛАПТАР


2.1. **Бiлiктiлiгiне қойылатын талаптар:** жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейiнгi) бiлiмi, ғылыми дәрежесi, «профессор» ғылыми атағы және ғылыми-педагогикалық қызметтегi еңбек өтiлi кемiнде 5 жыл болуы тиiс.

2.2. **Бiлуге мiндеттi:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Бiлiм туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасындағы тiл туралы» заңдарын және басқа да бiлiм беру саласының нормативтiк құқықтық актiлерiн; бiлiм беру жүйесiн басқару теориясы мен әдiстемесiн; оқу жоспарларын дайындау тәртiбiн; оқу жұмыстарының құжаттарын жүргiзу ережесiн; кәсiби бiлiм беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсiптiк бiлiм беру әдiстемесiн; студенттерге бiлiм беру мен тәрбиелеудiң қазiргi формалары мен әдiстерiн, экономика негiздерiн, еңбек заңдарын; еңбектi қорғау, техника қауiпсiздiгi және өрттен қорғау ережелерi мен нормаларын.

## 3. ЛАУАЗЫМДЫҚ МiНДЕТТЕРI

3.1. Жетекшiлiк ететiн пәндерi бойынша оқу және оқу-әдiстемелiк жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылау жасайды.

3.2. Кәсiби бiлiм мәселесi бойынша ғылыми-әдiстемелiк жұмыстарға қатысады.

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020 ж.	Басылым: Үшінші
	Лауазымдық нұсқаулық. Профессор.	ЛН ҚАЗҰПУ 10-13	Беті 3, барлығы 4

3.3. Барлық сабақ түрлерін жүргізеді, курстық, дипломдық жұмыстардың жобаларына, магистранттар мен PhD докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және диссертацияларына жетекшілік жасайды.

3.4. Кафедраның ғылыми жұмыс бағыттары бойынша ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады және жетекшілік жасайды.

3.5. Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарларының жасалуына және дайындалуына басшылық етеді.

3.6. Әдістемелік комиссия құрамында мамандық бойынша кафедраның, институттың, ғылыми-әдістемелік кеңестің, жоғары оқу орнының ғылыми-әдістемелік жұмыстарына қатысады. Жетекшілік ететін пәндерінің әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуін бақылайды.

3.7. Оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың, дәріс конспектілерінің, жетекшілік жасайтын пәндері бойынша басқа да әдістемелік материалдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады, оларды баспаға дайындайды.

3.8. Кафедраның оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын жетілдіруге байланысты ұсыныстар береді.

3.9. Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында ұйымдастырылатын семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде, халықаралық конференцияларға қатысады.

3.10. Кафедрадағы студенттердің ғылыми қоғамдарында жүзеге асырылатын студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды.

3.11. Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыруға қатысады, оларға педагогикалық шеберлік пен кәсіби дағдыларды игеру үшін әдістемелік көмек береді.

3.12. Кафедрадағы ғылыми педагог мамандарды дайындауға жетекшілік жасайды.

3.13. Жетекшілік жасайтын пәндері бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады және жоспарлайды.

3.14. Мектеп оқушыларына кафедрадағы мамандықтар бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстарына басшылық жасайды.


3.15. Ғылыми-техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық білімдерді насихаттауға қатысады.

3.16. Институт студенттері мен кафедралардың оқытушыларының еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақтауына бақылау жасайды.

3.17. Жеке жоспар орындау туралы есепті дайындайды және ұсынады.

3.18. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нормаларын орындайды.

#### 4. ҚҰҚЫҚТАРЫ

	Абай атындағы ҚазҰПУ	Күні: 09.11.2020 ж.	Басылым: Үшінші
	Лауазымдық нұсқаулық. Профессор.	ЛН ҚАЗҰПУ 10-13	Беті 4, барлығы 4

4.1. Университет басшылығына оқу үдерісін жетілдіруге, институт қызметін жақсартуға байланысты ұсыныстар енгізуге құқылы.

4.2. Университеттің, институттың алқалы огандарына мүшелерді сайлауға, мүшелікке сайлануға құқылы.

4.3. Кафедра отырыстарына, ғылыми-әдістемелік семинарларына және кафедра меңгерушісінің келісімімен басқа педагогикалық қызметкерлердің сабақтарына қатысуға құқылы.

4.4. Лабораторияларды, кабинеттерді, оқу залдарын, кітапханаларды және компьютер залдарын пайдалануға құқылы.

4.5. Институт және кафедра қызметіне қатысты құжаттардың жобаларын дайындауға қатысуға құқылы.

4.6. Өзінің қызметіне қатысты университет басшылығының шешімдерімен танысуға құқылы.

4.7. Өз өкілеттілігі шегінде құжаттарға қол қоюға құқылы.

4.8. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен айқындалған басқа да құқықтарға ие.

## **5. ЖАУАПТЫЛЫҒЫ**

5.1. Осы Лауазымдық нұсқаулықпен және ішкі нормативтік актілермен айқындалған лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті тәртіпте орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен айқындалған тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

5.2. Қызмет барысында жұмыс берушіге материалдық зиян келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің нормаларына сәйкес жауапкершілікте болады.

5.3. Қызмет барысында құқықбұзушылыққа орын берген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің нормаларына сәйкес әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.